



3 қазан, сейсенбі 2023 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz

www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi_kz/

www.instagram.com/syrboyi_kz

https://twitter.com/syrboyi

t.me/syrboyi_kz

ПРЕЗИДЕНТ

ТАПСЫРМАЛАРДЫҢ ОРЫНДАЛУ НӘТИЖЕЛЕРІ БАЯНДАЛДЫ



Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен заңсыз иемденілген активтерді қайтару мәселесі жөнінде кеңес өтті.

Жиынға Премьер-Министр Әлихан Смайылов, Президент Әкімшілігінің Басшысы Олжас Бектенов, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы Ермек Сағымбаев,

Премьер-министрдің орынбасары – Сыртқы істер министрі Мұрат Нұртілеу және Бас прокуратураның басшылығы қатысты. Мемлекет басшысына кеңес-

тің күн тәртібіндегі мәселе бойынша қабылданып жатқан шаралар мен бұған дейін берілген тапсырмалардың орындалу нәтижелері туралы баяндалды. Қасым-Жомарт Тоқаев әлеуметтік әділдікті қалпына келтіруге және мемлекетке қайтарылған активтерді елімізді дамыту үшін пайдалануға бағытталған бұл жұмыстың маңыздылығын атап өтті. Мемлекет басшысы осы іске жұмылдырылған барлық мемлекеттік құрылымдардың жұмысын жандандыру қажет екенін айтты. Жиын соңында Президент бірқатар нақты тапсырма берді.

МӘМІЛЕ

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Сыр өңіріне арнайы келген «Саутс-Ойл» компаниясының президенті Серікжан Сейітжановпен Қызылорда қаласының сол жағалауынан 650 орындық музыкалық колледж ғимаратын салу жобасы бойынша ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды. Колледж жанынан жатақханасы да салынады. Жалпы құны 4 млрд 800 млн теңге болатын нысан аймақтың 85 жылдығына тарту болмақ.

ҚЫЗЫЛОРДАДА 650 ОРЫНДЫҚ МУЗЫКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖ ҒИМАРАТЫ САЛЫНАДЫ

Аймақ басшысы колледждің жаңа ғимаратын салуға ниет білдірген компания басшысына облыс халқының атынан ризашылығын білдірді. Оқу орнының қазіргі ғимараты 1983 жылы салынған. Әбден тозығы жеткен, қазіргі заман талаптарына сай келмейді. Бұл проблеманы өнерпаздар да көптен бері көтеріп келеді. Ескірген ғимарат небәрі 350 орындық, ал колледжде оқитындар саны, жастардың музыкалық білім алуға үлкен сұранысы жыл сайын артауда.

Оған қоса, биыл Сыр өңірінде облыстық филармония жанынан тұңғыш рет симфония оркестрі құрылды. Оркестр құрамына ішекті, үрмелі және үрмалы аспапты игерген 30 кәсіби музыкант қабылданып, ұжым 50-ден аса маманнан жасакталды. Жаңа ғимаратта симфония оркестрі шығармашылығын шыңдап, үлкен концерттерге дайындық жүргізеді. Осындай жаңа орталықтар өңір халқына арналған ізгі істердің ордасы болатыны сөзсіз, – деді аймақ басшысы.

«Саутс-Ойл» компаниясының президенті Серікжан Сейітжанов қызылордалықтарды облыс мерейтойымен құттықтады. Жиында Қызылорда облысының әкімдігі және «Саутс-Ойл» компаниясы

арасында ынтымақтастық туралы екіжақты келісімге қол қою рәсімі өтті.

Айта кетейік, «Саутс-Ойл» компаниясы осы уақытқа дейін де Қызылорда қаласында 1,9 млрд теңгеге «Нұрсәт» спорт кешенін, Аралдағы Қамыстыбас көлінің жағасына балалардың оқу-сауықтыру орталығын өз қаражаты есебінен салған.

Келісімге қол қою рәсімінде мемлекет және қоғам қайраткерлері Мұрат Бақтиярұлы, Ибрагим Әбібуллаев, Қылышбай Бисенов, музыкалық колледждің бұрынғы директоры Кеулімжай Ботабаев жерлестерін жаңа ғимараттың бастамасымен құттықтады.

Іс-шара соңында облыс әкімі мен компания басшысы жуырда ашылған «Неке сарайы» мен «Анаға тағзым» орталығының жұмысымен танысты. Жаңа нысандарда жастардың жұбайлық өмірге бейімделуіне жәрдемдесу, ұлттық құндылықтарды насихаттау жұмыстары үйлестірілуде.

Еске салсақ, «Туған жерді бірге түлетейік!» атты Президент үндеуін қолдаған жергілікті кәсіпкерлер, облыстан шыққан меценаттар қайырымдылық шараларына, туған жерді көркейтуге белсенді атсалысуда.

ӨНІР ӨНІМІ

ІРГЕЛІ КОМПАНИЯНЫҢ ІЛКІМДІ ЖОБАСЫ

Қызылорда облысының 85 жылдығы аясында «Абай-Дәулет» ЖШС-ның қолдауымен «Kaz Fries» мұздатылған фри өндірісі зауыты ашылды. Салтанатты шараға қатысқан облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жиналған жұртшылықты облыс мерейтойымен, жаңа өндірістің іске қосылуымен құттықтады.

Әділжан ҮМБЕТ, «Сыр бойы»



– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында өндірісті, шағын және орта кәсіпкерлікті жүйелі түрде дамытып, бәсекелестік арқылы бәріне бірдей мүмкіндік беру қажетін атап өткен болатын. Облыста бұл бағытта ауқымды жобалар жүзеге асуда. Жаңа зауыттан шыққан жарғылай дайын өнім қолжетімді бағада халыққа ұсынылады. Бұл бастамалар жалғасын тауып, зауыт өнімдері аймағымыздан тыс көрші өңірлерге, шет елдерге экспортталмақ. Ол облыстың экономикалық дамуына зор үлесін қосады деп сенім білдіремін. Біз туған жерінде адал еңбек етуді мақсат тұтқан, өндіріс өндірістік әлеуетін дамытуға ниет білдірген әрбір кәсіпкерді қолдауға дайынбыз, – деді аймақ басшысы.

2-бет

ФОРУМ

АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ – АШЫҚ ДИАЛОГ АЛАҢЫНДА

Кеше «Азаматтық қоғам және мәдениет: Қазақстанның жаңаруы бағытындағы құндылықтар мен басым бағыттар» тақырыбындағы XI облыстық азаматтық форум өтті. Форумның облыс әкімдігінде өткен пленарлық отырысына аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев қатысты. Іс-шарада сөз сөйлеген облыс әкімі өңірдегі ауқымды жобалар туралы баяндап, ҰЕҰ-ның аймақтық қоғамдық өміріндегі маңызды рөлін атап өтті.

Сб Библиот СӘТЖАН, «Сыр бойы»

– Өңірдегі үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл және ынтымақтастық жөніндегі кеңес, жүзеге асырылатын жобалардың өзектілігі мен тиімділігін бағалау мақсатында сарапшылық топ жұмыс жасауда. Облыстық және аудандық өкілдіктер жанындағы кеңестер мен комиссиялар құрамында 150 үкіметтік емес ұйым өкілдері бар. Өңіріміздегі келеді мәселелерді ашық талқылап, өткір ұсыныстар беретін облыстық қоғамдық кеңес 100 пайыз азаматтық қоғам өкілдерінен қалыптасты. Тауелсіздіктің алғашқы жылдарында қоғамдық ұйымдар саны 15 болса, бүгінде олардың қатары 1100-ге жетті. Оның 500-ге жуығы өңірдің қоғамдық-саяси, рухани-мәдени дамуына белсенді араласуда. Бұл азаматтық сектор негіздерінің күшейіп, жауапкершілік пен белсенділіктің артқанын көрсетеді, – деді Н.Нәлібаев.

Жыл сайын мемлекеттік тапсырыс арқылы азаматтық құрылымдарына қаржылай қолдау көрсету

көлемі ұлғайып келеді. Кейінгі он жылда қаржыландыру көлемі 7 есеге артты. Сондай-ақ, аймақ басшысы алдағы уақытта өңірдің әрбір ауданында музей, кітапхана, мұрағат, неке қию залы, ардагерлер үйі, жастар орталықтары, азаматтық қоғам өкілдері мен тарихи-мәдени, рухани ұйымдарды біріктіретін типтік үлгідегі руханият орталықтары салынатынын айтты. Қазіргі уақытта жоба мемлекеттік сараптамадан өтуде. Жақын күндерде конкурс жарияланып, жыл аяғына дейін жеті ауданда бір мезетте жеті ғимарат құрылысы басталады.

Форумды Қызылорда облысының үкіметтік емес ұйымдарының альянсы ассоциациясы заңды тұлғалар бірлестігінің төрағасы Анар Ізден жүргізді. Спикер азаматтық қоғам және мәдениет тақырыбын өңірлік ҰЕҰ өкілдері Қазақстанның мәдени трансформациясының маңыздылығына қатысты шындықты ескере отырып, өзекті қоғамдық мәселелердің шешімін бірлесіп іздеуге аза-

маттардың белсенді қатысуын күшейтуді, достыққа негізделген азаматтық қоғамды құруды және мәдени демократиялық қоғамды бейбітшілік мәдениеті арқылы дамытуды қамтамасыз ету мақсатымен таңдағанын атап өтті.

Жиынға ҚР Парламенті Сенатының депутаты Руслан Рүстемов, Мәдениет және ақпарат министрлігінің өкілі, облыстық мәслихат депутаттары, басқа өңірлердегі, өз аймағымыздағы азаматтық қоғам ұйымдарының жетекшілері, зиялы қауым, жастар, мәдениет саласының мамандары мен Қазақстанның Азаматтық альянсы президенті Бану Нұрғазиева арнайы қатысты.

Іс-шарада Парламент Сенатының депутаты Руслан Рүстемов форум жұмысына сәттілік тілеп, елімізде қолға алынған маңызды жобаларды атап өтті.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік органдардың және квазимемлекеттік сектордың халықтың алдындағы ашықтығын, жұмысының айқындық қағидатын қалыптастыру мақсатында Үкіметтің алдына нақты міндеттер қойды.

Осыған байланысты елімізде Қоғамдық бақылау туралы заң қабылданып, азаматтық қоғамның мемлекеттік басқару істеріне араласуына тағы да бір прогрессивті қадам жасалды.

2-бет

КЕЗДЕСУ

ДӘНЕКЕРЛІК ДІҢГЕГІ

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қазақстан Азаматтық альянсының президенті Бану Нұрғазиевамен кездесті. Облыс орталығында өтетін «Азаматтық қоғам және мәдениет: Қазақстанның жаңаруы бағытындағы құндылықтар мен басым бағыттар» атты XI Азаматтық форумның жұмысына сәттілік тіледі.

– Халық пен биліктің арасындағы алтын көпірге айналған азаматтық сектормен өзара іс-қимылды жетілдіруді талқылап, ұсыныс-пікірлерді ортаға салу үшін мұндай басқосулардың маңызы зор. Біқпалды азаматтық қоғам – мемлекет дамуының негізі. Бұқара мен билік арасындағы сындарлы диалогты қалыптастыруда үкіметтік емес ұйымдардың атқаратын рөлі ерекше. Мемлекет басшысы ұсынған «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын аймақта сапалы жүзеге асыруда азаматтық қоғам өкілдерімен бірлескен жұмыстарды жандандыру біз үшін үлкен маңызға ие. Қоғамның ұсал топтарымен жұмыс жүргізу, өңірдегі проблемалық мәселелерді бірлесіп шешу – мемлекет пен азаматтық ұйымдардың



ортақ міндеті. Сол себепті, біз әріптес ретінде үкіметтік емес сектордың бастамаларына қолдау білдіреміз, – деді Нұрлыбек Машбекұлы. Өз кезегінде Қазақстан Азаматтық альянсының президенті облыс әкіміне ризашылығын білдіріп, тиімді әріптестікті нығайтуға мүдделі екенін айтты.

Сыр өңіріндегі үкіметтік емес ұйымдардың іргелі істері мен тын бастамаларына жасалған мемлекеттік қолдаудың нәтижесі оң өзгерістерге жол ашты.

Өткен жылы ашылған Үкіметтік емес ұйымдардың ресурстық орталығы өңірдегі азаматтық бастамалардың да-

муына, үкіметтік емес ұйымдардың сапалық құрамының артуына және қоғамдық өмірдің жандануына септігін тигізуде. Бүгінде ресурстық орталық қоғамдық ұйымдарға қажетті бағалық материалдық-техникалық жабдықтармен және теориялық-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілген. Орталықта департамент және басқарма басшыларының ҰЕҰ өкілдерімен кездесу кестесі бекітіліп, кездесулер апта сайын өтеді. Бұл мекеме басшыларына ұсыныстарды жеткізуге, мәселелерді шешуге мүмкіндік береді.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

ХАЛЫҚ ПЕН НАРЫҚ

ҰН ҚЫМБАТТАДЫ: БАҒА НЕГЕ БАҒЫНБАЙ БАРАДЫ?

Көпшілік ұнның қымбаттап жатқанын айтып, шағымдана бастағанын естіп жүрміз. Бағаның өскені жасырын емес. Енді халықтың әлеуметтік көңіл-күйі құбылуда. Кейінгі 3 жыл көлемінде маусым сайын қымбаттаған ұн құнына бұл жолы да тежеу болмайтын сыңайлы. Оның өз себебі бар.

Сб Мадияр ТӨЛЕУ, «Сыр бойы»

2-бет



АЙМАҚ ДАМУЫНЫҢ БАҒДАРЫ АЙҚЫН

Қызылорда облысының құрылғанына 85 жыл. «Елу жылда ел жаңа» дейтін халықтық көзқарас тұрғысынан баға берсек, елдің екі мәрте жаңаратын кезеңі. Демек, Алаштың анасы атанған Сыр елі де осынау уақыт аралығында қарқынды даму кезеңін өткеріп, қоғамдық-саяси һәм әлеуметтік сипаттағы қадау-қадау оқиғалардың тарихын түзді. Осы орайда өңір тарихында өзіндік орны бар мемлекет және қоғам қайраткері, «Парасат» орденінің иегері, Қызылорда облысының Құрметті азаматы Алмағұл Божановамен әңгімелесіп, облыстың кешегісі мен бүгінгі жайлы ой бөліскен едік.

Сб Газиза ӘБІЛДА, «Сыр бойы»

3-бет





ҮКІМЕТ

Сенбі күні ҚР Премьер-министрі Елихан Смайыловтың төрағалығымен өткен республикалық штаб отырысында Мемлекет басшысының биылғы Жолдауында айтылған «Келешек» жинақтаушы жүйесі туралы мәселе қаралды. Бұл жүйе келер жылы іске қосылмақ. Ата-аналар оған ерікті түрде қатысып, баласының болашақта білім алуына қаражат жинақтай алады.

Сb Айнұр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы»

ЖИНАҚТАУШЫ ЖҮЙЕ – КЕЛЕШЕККЕ ЖАСАЛАТЫН ҚАДАМ



Үкімет басшысы жобаның маңыздылығын ерекше атап өтіп, жаңа жүйені іске қосу тетіктерін сапалы ұйымдастыруды тапсырды. Штаб отырысынан кейін облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев берілген тапсырмалар бойынша арнайы мәжіліс өткізді. Қазір елімізде демографиялық жағдай жақсарып, халық саны жылдан жылға артып келеді. Оған қоса, елге көшіп келетін қандастардың қатары да көбейген. Бұндай жағдайда бюджет шығындары да өседі. Келер жылдан бастап іске қосылатын жинақтаушы жүйе білім беру саласына бөлінген бюджет қаржысын тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді деп күтілуде. «Келешек» жинақтаушы жүйесінің арқасында әр ата-ана өз баласының оқуына қаржы жинап, жоспар құра алады. Барлық қаражат 5 жастан бастап әрбір балаға ашылатын арнайы шот-та жинақталады. Баланың есеп-шотына ата-ана ғана емес, сонымен қатар, мемлекет те ақша

салып отырады, – деді аймақ басшысы. Осы орайда облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағанбетке жаңа жүйенің маңыздылығын ата-аналармен білім алушылар арасында түсіндіріп, ақпараттық насихат жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу жөнінде тапсырма берілді. Өңірлік жоғары оқу орындарының басшылары салалық министрлікпен бірлесіп «Келешек» жинақтаушы жүйесін өңірде сапалы іске асыруды қамтамасыз етуі керек. Облыстық қоғамдық даму басқармасына жүйенің тиімділігін кең көлемде ақпараттандыру міндеті жүктелді. Бүгінде облыстағы жоғары оқу орындарында, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында 36 167 студент бар. Оның 17 122-сі гранттық негізде білім алуға. 686 мектепке дейінгі ұйымда 60 345 бала тәрбиеленуде. Биылғы оқу жылында 17 543 бала 1-сыныпқа қабылдана, мектеп бітіретін түлек саны 8 285-ті құрайды.

АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ – АШЫҚ ДИАЛОГ АЛАҢЫНДА

Қоғамдық бақылау нормалары елімізде бұрын да Су кодексі, Экологиялық кодекс, Денсаулық кодексі секілді бес кодекспен сенгіз заңда болды. Бірақ азаматтық қоғамды мемлекеттік басқару істеріне араластыратын, олардың жұмысын жүйелейтін ортақ құқықтық базаның болмауы көп кедергі келтіріп келді. Мен Сенаттың Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесімін. Қоғамдық бақылау туралы заңның жұмысшы тобын басқардым. Жалпы, заң азаматтардың мемлекеттік істерге араласуына кең мүмкіндік беріп отыр, – деді Руслан Рүстемов. Жинда ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Азаматтық қоғам істері комитеті төрағасының орынбасары Гүлбара Сұлтанова биыл өткізіліп келе жатқанына 20 жыл толған азаматтық форумның жалпыұлттық сәріктестік және ашық диалог алаңына айналғанын атап өтті. Сондай-ақ елімізде, оның ішінде аймағымызда азаматтық қоғамды дамыту бағытында атқарылған жұмыстарға тоқталды. – Қызылорда облысында үкіметтік емес ұйымдарға мемлекеттік тапсырыс көлемінің өскені байқалады. Биыл өткен жылмен салыстырғанда екі есеге жуық немесе 83 пайызға ұлғайған. Сонымен қатар аймақта мемлекеттік тапсырыс бойынша келесідей проблемаларды атап өтуге болады. Біріншіден, ұзақмерзімді жобалар жүзеге асырылмайды. Нәтиже болуы үшін, жобалар ұзақ мерзімді қамтуы керек. Сондай-ақ жоғарыдағы 70 пайыздан астамының тақырыптары жылдан жылға қайталануда. Оны да қайта қарау, әр жобаның халыққа тиімділігін қарастыру керек. Әлеуметтік маңызы жоқ, бір реттік, ұсақ, сондай-ақ спорттық шаралардың қаржыландырылуы байқалады, – деді Гүлбара Сұлтанова. 1-бет

Сондай-ақ форумда жырау, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері Алмас Алматы мәдениет саласы мен Сыр бойындағы дәстүрлі өнерді дамыту мәселесіне тоқталды. – Сыр елінде жыршылық, жыраулық дәстүр атадан балаға мұрагерлік сипатта дамып, бүгінде ұлттымыздың рухани мұрасына айналды. Біз өнерді дамыту үшін, ұрпаққа сіңіру үшін алдымен ата-бабамыздың қалдырған қазынасына жол ашайық. Азаматтық қоғам соларға кеңістік ашуы керек, – деді Алмас Алматы. Бүгінде Арал ауданында Нұртуған Кенжеғұлұлы атындағы ақын, жыраулар мектебі, Қармақшы ауданындағы К.Рүстембеков атындағы жыраулар үйі, Шиелі ауданындағы Н.Бекежанов атындағы ән-жыр мектебінде жүздеген шәкірт жыршылық, ақындық, әншілік өнерге машықтануда. Дегенмен, халықтық өнерге халықтық қамқорлық керек. Сонда ғана талантты жастардың жолы ашылып, рухани демеу алады. Мұнан соң әлеуметтік жобалардың фандрайзинг саласындағы халықаралық тренер, аға эксперттік сеньор Норберт Штольдт форум жұмысына сәттілік тілеп, шараның азаматтық сектор, мемлекеттік органдар, бизнес құрылымдары, халықаралық ұйымдар мен сарапшылар қауымдастығының ашық диалогын дамытудағы маңыздылығын ерекше атап өтті. Сонымен қатар, «Кітап құрттары» қозғалысының лидері Талғат Мәдібаев мақсат-міндеттері мен алдағы жоспарларын таныстырды. – Азаматтық қоғамның даму индексі артыруы – елдің тұрақты дамуының кепілі. Қазіргі таңда елімізде азаматтық қоғамның белсенділігі арқасында көптеген мәселе шешімін тез табуға. Бірақ азаматтық қоғам деген түсінікті көбінесе белгілі бір жобаларды жүзеге асы-

рушы ұйымдармен байланыстырады. Мысалы, қоғамдық бірлестіктер мен қоғамдық қорлар. Үкіметтік емес ұйымдардың мемлекеттік тіркеуден өтіп, құжатын алуы оны қоғамдық ұйым етпейді. Сонымен қатар, көп қоғамдық бірлестіктер өздеріне қаражат бөліп немесе басқаша қолдау білдірген мемлекеттік мекемелермен және бизнес өкілдерімен жақсы қарым-қатынас құрып, азаматтық қоғамның негізгі мақсатына қарама қарсы әрекет жасауда. Осы орайда азаматтық қоғамның өкілі ретінде тіркелмеген азаматтық бастамаларды да назарға алуға ұсынамын. Ол – әлемдік тәжірибе. Біз барлығымыз қоғамның өкілі болғаннан кейін, қоғамнан тыс өмір сүре алмаймыз. Сондықтан жергілікті атқарушы билік пен азаматтық қоғамды зияткерлік және ғылыми бағыттағы жобаларға назар аударуды ұсынамын, – деді Талғат Мәдібаев. Жиынды қорытындылаған Қазақстанның Азаматтық альянсы президенті Бану Нұрғазиева өңірде жүзеге асырылған игі бастамаларға қолдау білдіріп, әріптестерінің жұмысына сәттілік тіледі. Форумның пленарлық отырысының соңында түрлі бағыттарда табысты қызмет етіп, өңірдің қоғамдық дамуына белсене атсалысқан азаматтар марапатталды. Форум «Әлеуметтік өзгерістер жағдайындағы қазақстандық қоғамның әлеуметтік-мәдени капиталы», «Қазіргі азаматтық қоғамның мәдениеті: бұқаралық және ұлттық құндылықтардың айырмашылығы», «Өртүрлі әлеуметтік топтардың мәдени құндылықтары мен қажеттіліктерін қамтамасыз ету мақсатында азаматтық қоғам институттарының тұрақтылығын дамыту» тақырыптары бойынша диалогтық форматтағы секциялық жұмыстарға ұласты.



«ҮЗДІК АУЛАЛАР» АНЫҚТАЛДЫ

ҚЫЗЫЛОРДА Қала күні мерекесі «Үздік аула» байқауымен жалғасты. Биыл алтыншы мәрте өткізілген байқауға 16 өтінім түскен.

Қоғалдандыру ісін тұрғындар болып қолға алған, сәндік безендіру мен аула қауіпсіздігін сақтауға ерекше көңіл бөлген «Астана-1» шағын ауданы №1 үйдің ауласы комиссия шешімімен басым дауысқа ие болып, жеңімпаз атанды. II орын тұрғын үй ауласынан көршілердің демалыс орнын ұйымдастырған Жаппасбай батыр көшесі 8 үй тұрғындарына берілді. III орын жана шағын аудандағы 3 жылдық еңбегі нәтижесін берген «Сол жағалау» ауданы №22 үй тұрғындарына берілді. Сонымен қатар «Бірлігі жарасқан аула», «Жасыл желекті аула», «Еңбекке баулыған үлгілі аула» номинациялары бойынша да жеңімпаздар анықталды. Шара барысында Қызылорда қаласының тазалығын қамтамасыз етуге тынбай еңбек етіп жүрген тазалық қызметкерлері марапатталып, оларға қала әкімінің «Алғысы» мен қаржылай сыйақы табысталды.

АРДАГЕРЛЕР МАРАФОНЫ

АРАЛ Халықаралық қарттар күніне орай ауданның бір топ ардагерлері жүгіруден жарысты.

Бүгінде зейнет жасына қарамастан, спорттың жанына серік еткен желаяқтарды белгілі марафоншы Серік Өтебалиев бастап шықты. Бірқатар азамат 20 айналымды бағындырса, қалған ардагерлер қатардан қалыспай бірнеше айналымды жүгіріп өтті. Үздік нәтиже көрсеткен қатысушылар аудан әкімінің «Алғыс хаты», арнайы медальдармен марапатталды.

ЖАҢА ӘКІМШІЛІК ҒИМАРАТ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ

ҚАЗАЛЫ «Тасарық» ауылдық округінде жаңа әкімшілік ғимарат пайдалануға берілді.

Ауыл күні аясында өткізіліп жатқан іс-шараларға аудан әкімінің орынбасары Күнтілес Назымбеков қатысып, нысанның лентасын қиды. Ғимарат ішін аралап көріп, жүргізілген құрылыс сапасына оң бағасын берді. Сондай-ақ, округ тұрғындары мен аппарат қызметкерлеріне деген ықыласын жеткізіп, жаңа ғимаратта жаңа қарқынмен қызмет ету керектігін еске салды.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КЕШ

ҚАРМАҚШЫ Аудан орталығындағы мәдениет үйінде Қарттар күні мен Қармақшы ауданының 95 жылдығына орай «Гүлдер шақырады» атты концерт өтті. Мерекелі шарада Қазақстанның еңбек сіңірген артисі, әнші Бақтияр Тайлақбаевпен бірге Тахмина Өшімбаева, Әктем Алтаев өнер көрсетті.

«Ағаларым» әнінің орындаушысы Бақтияр Тайлақбаев қармақшылықтарды ауданның 95 жылдығымен құттықтады және алдыңғы буын ағаларымыздың асқан ерлігімен жеткен тәуелсіздігіміздің тұғырлы болуына тілектестігін білдірді.

БІЛІКТІ ДӘРІГЕР РУХЫНА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

ЖАЛАҒАШ Денсаулық сақтау ісін үздігі, Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген дәрігер, Жалағаш ауданының Құрметті азаматы, «Алтын дәрігер» құрметті атағының иегері Қалыбаев Сақы Ұзақбайұлының құрметіне қойылған мемориалды тақтаның ашылу салтанаты өтті.

Салтанатты шараға аудан әкімі Асқарбек Темірбекұлы қатысып, білікті дәрігердің өмірі мен қызметі жайлы баяндады. Ел үшін еткен еңбегін кейінгі жастарға насихаттау бүгінгі буынның парызы екенін айтты.

АУЫЛ КӨШЕЛЕРІ АСФАЛЬТТАЛУДА

СЫРДАРІЯ Аудан әкімі Бөркенбаев «Айдарлы», «Жетікөл», Аманкелді ауылдарында жүргізіліп жатқан жол жөндеу жұмыстарын көрді. Мердігер мекеме өкілдерімен сөйлесіп, жұмыс сапасына мән беру керектігін еске салды.

Ауылдардағы жол жөндеу жұмыстарын «Универсал сервис МН», «Әлем ҚызметGroup», «АйколСтрой», «Ақнур-Авто» серіктестіктері атқаруда.

«AIDAIEM» МЕДИЦИНАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ

ШИЕЛІ «Көкшоқы» шағын ауданында жеке кәсіпкер Ақайдан Қойшыбекқызының «AidaiEm» медициналық орталығының тұсауы кесілді.

Ашылу салтанатына аудан әкімі Нұржан Ахатов пен аймаққа белгілі дәрігер, нейрхирург Шыңжырбай Оразмаханұлы қатысып, құттықтау сөз сөйледі. Айтпа кетейік, «AidaiEm» медициналық орталығында емделушілерге 40 төсек-орын қарастырылған. Мұнда сондай-ақ, массаж, парафин, түз бөлмесі, терапия, УДЗ, токлен емдеу, қан тапсыру секілді 10-ға тарта ем-шара ұсынылып отыр. Нысанның жобалық құны 70 млн теңгені құрайды.

ТҮНГІ РЕЙД

ЖАҢАҚОРҒАН Түнгі рейдтік жұмыстар көмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, қоғамдағы қылмыстың алдын алуда аса маңызды. Бірлескен іс-шара жоспары аясында аудандық қоғамдық даму бөлімі, Жастар ресурстық орталығы мамандары мен Жаңақорған АІП инспекторларының қатысуымен рейд ұйымдастырылды.

Түнгі рейд кезінде жастар көп жиналатын компьютерлік ойынханалар мен мейрамханалар әкімшіліктеріне түнгі 22:00-ден кейін көмелетке толмаған жасөспірімдерді заңды өкілдеріңізсіз кіргізбеу керектігі ескертілді. Оларға темекі бұйымдары мен спиртті ішімдіктерді сатуға болмайтыны жайында түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Дайындаған Айнұр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы»

ІРГЕЛІ КОМПАНИЯНЫҢ ІЛКІМДІ ЖОБАСЫ

Өңірде «Жалпыұлттық бірінғай жобалар пулы», «Индустрияландыру картасы» шеңберінде өндіріс өнеркәсіпін дамытуға бағытталған құны 980 млрд теңге болатын 46 жобаны жүзеге асыру жоспарлануда. Аграрлық салада күрші өңдейтін, балық ұнын өндіретін зауыттар ашылды. Жыл соңына дейін экспортқа бағытталған құс фабрикасы, көкөніс сақтау қоймалары және 3 күрші ақтау зауыты іске қосылады. Бұдан бөлек, сүт өңдейтін цех, ақ және құрғақ құрылыс қоспаларын өндіру зауыты жұмысын бастамақ. Зауыт өнімдері аймақтың өңделген өнім үлесін арттыруға, тамақ өнеркәсібін дамытуға, жұмыссыздықты азайтуға мүмкіндік береді.

Бұл ірі жобалардың жүзеге асуы өңірде инвестиция көлемін арттыруға септігін тигізеді. Биыл облысқа 472 млрд теңге көлемінде инвестиция тартылды. 2020 жылдан бері кәсіпкерлікті қаржылай қолдауға әртүрлі көздерден 24 млрд теңгеге жуық қаржы қаралып, 2500-ге жуық жоба қолдау тапқан. Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба аясында жыл басынан бері несие портфелі 20 млрд теңгені құрайтын 604 жоба субсидияланды. Жұмыс жасап тұрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 71256-ны құрап, 22,4 пайызға ұлғайды.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен биыл жас кәсіпкерлерді қолдау мақсатында жылдық 2,5 пайыз жеңілдікпен кредит беру айрықша қолдау тапты. Республикалық бюджеттен 2 млрд 285 млн теңге қаржы бөлініп, 258 жас кәсіпкер өз ісін бастады. – Ауыл шаруашылығы саласында да оң өзгерістер бар. Біз биыл күрші егісіннің көлемін үлкен тәуекелге барып, 89 мың гектарға дейін ұлғайттық. Қиыншылықтар да болды. Президентіміз бен Үкіметтің ерекше қолдауы арқасында егін орағын кедергісіз бастадық. Дикандардың тынымсыз әрі табанды еңбегімен 15 қазанға дейін егін жинауды толықтай аяқтау күтілуде. Халқымызда «Бітер істің басына, жақсы келер қасына» деген керемет сөз бар. Міне, осы жұмыстардың барлығында өздеріңіздің үлестеріңіз орасан зор, – деп атап өтті Нұрлыбек Машбекұлы.

Іс-шарада мұздатылған фри картобы өндірісін ашқан «Абай-Дәулет» ЖШС басшысы Мұрат Сәрсенбаев Қызылорда облысының Құрмет грамотасымен, ал серіктестіктің бірқатар қызметкерлері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Қоғам қайраткері Нәжмадин Мұсабаев аймақ тұрғындарын құттықтап, ауыл шаруашылығы саласы ардагерлері кеңесінің төрағасы Нұрлыбай Ұлықпаңұлы ақ батасын берді. Айтпа кетейік, «Абай-Дәулет» серіктестігі күрші өндірісімен ғана емес, мал шаруашылығымен, ет өндірісімен және көкөніс егумен айналысуда. Жаңа фри зауытында сағатына 300 келі өнім шығарылады. Өндірісте 18 адам тұрақты жұмыспен қамтылды.

ҰН ҚЫМБАТТАДЫ: БАҒА НЕГЕ БАҒЫНБАЙ БАРАДЫ?

КӘСІПКЕР КӘСІБІН КӨКСЕЙДІ, БИДАЙ ЖЕТПЕЙДІ

Әуелі мәселенің түпкі мәніне үнелейік. Расында ұн бағасы Қызылорда өңірінде ғана емес, басқа өңірде де көтеріліп жатыр. Бұған байланысты Сауда комитеті де шұғыл мәлімдеме жасады. Кейбір өңірлерде кәсіпкерлер бидайды қымбат бағамен сата бастаған. Құз басталғаннан жиі жаңбыр жауып, бидай кеппей, қайта көктеп кеткен, яғни, азық-түлік ретінде тұтынуға жарамайды. «Оның үстіне қазір 13 аймақта ұн бағасы өсіп жатыр. Бұған ажиотаждық сұраныс себеп, яғни, «ойбай, бидай жетпей қалады» деген дүрбелең бар. Ауыл шаруашылығы министрлігі бидай қоры жеткілікті екенін баяндады. Дегенмен кейбір аймақтарда 50 пайызға дейін ұн қымбаттады. Оны біз «отырмыз» деген Сауда комитетінің төрағасы Айдар Әбілдабеков. Оның айтуынша, Азық-түлік корпорацияларының қоймасында 95 мың тонна бидай сақтаулы тұр. Жергілікті уәкілетті органдарға оны дирмендерге жеткізу бойынша тап-

ДҮРБЕЛЕН ДӘЙКЕСІЗ ЕМЕС

сырма беріліпті. Ол үшін корпорация мен дирмен арасында меморандум жасалуы тиіс. Бір апта бұрын берілген тапсырмаға сай, қазір бұл бағытта жұмыстар жүріп жатқанға ұқсайды. Енді оператор ақшасын төлеген соң, КТЖ бидай жеткізуге кіріседі. Бұл тұста комитет басшысы кәсіпкерлерді де кінәлап отыр. Тапшылық байқалса болды, бірден бағаны көтереді. Сол себепті комитет өкілдері Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігіне хабарласып, ұсыныс енгізген. Олар нарықтағы ірі «ойыншыларға» сұраныс жіберіп, тергеуді бастаймыз деп жоспарлап отыр. Ұлттық статистика бюросы биыл елімізде ұнның 3,7 пайызға қымбаттағанын жария етті. Қаңтар-шілде аралығында 1,7 млн тонна ұн өндірілген, 716 мың тонна ұн сатылған. Өндіріс өткен жылмен салыстырғанда сал артық, дегенмен сатылған ұн аздау. Осыған қарап ұн бағасын ірі кәсіпкерлер қолдан көтеріп отырғанын аңғарамыз. Өзіміздегі жағдайға келейік. Біз алдымен «Өңірде ұн тапшылығы жоқ па?» деген сауалмен ауыл шаруашылығы басқармасына хабарласқан едік. Онда-



ҚАЛТАЙ МҰХАМЕДЖАНОВТЫҢ ТУҒАНЫНА 95 ЖЫЛ

ЖАЗУШЫ ТУҒАН АУЫЛДА

Қазақ әдебиеті мен өнеріне өлшеусіз еңбек сіңірген Қазақстанның Халық жазушысы, Қырғызстан Республикасының еңбек сіңірген өнер қайраткері, «Құрмет белгісі», «Халықтар достығы», «Парасат» ордендерінің иегері, жерлесіміз Қалтай Мұхамеджановтың туғанына биыл 95 жыл! Осыған орай Сырдария ауданы Шіркейлі ауылдық округі әкімдігі, аудандық мәдениет және спорт бөлімінің қолдауымен, «Мәді қажы» ЖШС-нің демеушілігімен жазушының туған ауылында «Қазақтың дара Қалтайы» атты мерекелік жиын өтті.



Газиза ӘБІЛДА, «Сыр бойы»

Қалтай Мұхамеджанов 1928 жылдың 24 желтоқсанында сол кездегі Тереңөзек ауданына қарасты Шіркейлі ауылында дүниеге келген. 1953 жылы Ташкенттің театр және көркемөнер институтын бітіріп шығады. Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігінде, Мемлекеттік кино комитетінде, Қазақстан Жазушылар одағының, Кинематографистер одағының екінші, бірінші хатшысы қызметтерін абыроймен атқарып, әдебиет, мәдениет, өнер саласының дамуына сүбелі үлес қосқан. 1988-1998 жылдары республикалық «Ара-Шмель» журналында, халықаралық «Заман – Қазақстан» газетінде бас редактор болса, өмірінің соңғы жылдары халықаралық «Түркістан» газетінің бас редакторы қызметін атқарған. Шығармашылық жолын аудармашы саласынан бастаса, 1959 жылы М.Әуезов атындағы мемлекеттік академиялық драма театрында «Белтірік бөрік астында» атты тұңғыш драмалық туындысының премьерасы

болды. Қаламгердің пьесаларындағы карапайым ауыл өмірімен астасып жатқан әзіл-қалжыңға құрылған хикаялардың тереңінде тағылымдық астар жатқанын аңғаруға болады. Дәлірек айтқанда, күлдіре отырып, көрерменге көп ойдың жүгін артып жібереді. Мерейтой аясында Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры, ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері Қазыбай Құдайбергеновтің дарынды қаламгердің өмірі мен шығармашылығын баян еткен «Талан-тымен танылған тұлға» атты ғылыми-танымдық зерттеу туындысының тұсауы кесіліп, оқырманға жол тартты. Құттықтау сөзінде профессор Халық жазушысы Қ.Мұхамеджановтың тағдыры ғұмырнамасына тоқталып, қазақ әдебиеті мен мәдениетінің дамуына сіңірген еңбегін әңгімесіне арқау етті. Сонымен қатар, жазушының қырғыз халқының аса көрнекті жазушысы Шыңғыс Айтматовпен бірге түскен портретін Мәдениет үйіне

сыйға тартты. Жиында ардагер Сұлтан Маханбетов, ауыл әкімі Талғат Құламқадіров, «Мәді Қажы» ЖШС директоры Сейітқамал Сұлтанов сөз сөйлеп, алақандай ауылда туып-өсіп, дара талантымен атағы алысқа кеткен көрнекті қаламгердің адами асыл қасиетін, болмыс-бітімін әйгілейтін ел жанында қалған естеліктерді ойға оралтты. Аудандық драма үйірмелері арасында ұйымдастырылған байқауда Н.Лиясов ауылдық мәдениет үйі жанындағы «Жас АРТ», Қ.Мұхамеджанов атындағы Шіркейлі ауылдық мәдениет үйі жанындағы «Көңілшар», Бесарық ауылдық мәдениет үйі жанындағы «Шамшырақ» драма үйірмесі ұжымдары Қ.Мұхамеджановтың «Құдаға келіпті», «Бөлтірік бөрік астында» сынды комедиялық драмаларынан үзінділер сахналады. Қарапайым қазақы тұрмыс, салт-дәстүр, атадан балаға жеткен тілмәтәріні танытуға бағытталған шығармалар шынайылығымен күн-

ды. Сондықтан сахналанған қойлымдарды тамашалаған көрермендер де кейіпкерлердің күнделікті көз үйренген іс-әрекеттеріне риясыз күліп, ерекше әсерге бөленді. Байқауға профессор Қазыбай Құдайбергенов, Н.Бекежанов атындағы облыстық музыкалық драма театрының актері Еркін Асанов, Сырдария аудандық мәдениет үйінің әдіскері, мәдениет үйі жанындағы халық театрының артисі Гаухар Сәрсенбаева қазылық етті. Байқау қорытындысымен Қ.Мұхамеджанов атындағы ауылдық мәдениет үйінің драма үйірмесі ұжымы І орын, Нағи ауылы «Жас АРТ» драма үйірмесі ұжымы ІІ орын, Бесарық ауылдық мәдениет үйі жанындағы «Шамшырақ» драма үйірмесі ұжымы ІІІ орынды иеленді. Сондай-ақ, актерлік шеберлігімен танылған талантты өнерпаздарға арнайы сыйлық табысталды.

ДЕНСАУЛЫҚ

Кейінгі жылдары аллергиялық аурулардың эпидемиясы кең таралуда. Әлем халқының 40 пайызы осындай аурулармен ауырады. Ал Қазақстан халқының 35 пайызы аллергиядан зардап шегеді екен. Әсіресе, өсімдіктердің гүлдеуінен болатын маусымдық аллергиясы күшейетіндер жиі кездеседі. Тіпті, халық арасында бұл аллергияның емі жоқ деген түсінік қалыптасқан. Осы жөнінде аллергиялог дәрігер Ақмарал Жұпарбайқызымен әңгімелескен болатынбыз.

Ақмарал БАҚБЕРГЕНОВА, аллергиялог:

АЛЛЕРГИЯ ТҰҚЫМ ҚУАЛАЙДЫ

– Сурағымыздың басын қызыл-ордалықтардан бастасақ. Өңір халқын аллергия жүй мазалай ма? Қай жастағылар көптеп келеді?

– Қызылордалықтарда аллергия жиі кездеседі. Оның ішінде балалардың саны басым. Мәселен, маусымдық поллиноз бір жастан бастап кездескен жағдайлар да бар. Оған өңіріміздің шаңды, дауылды экологиялық аймақ болуы себеп болып отыр. Бұған енді әлеуметтік тұрмыстық жағдай мен тамақтану салтын қоссаңыз да болады.

– Түсінікті. Жалпы, бұрын аллергия туралы өте сирек естілген. Бүгінде сауір айына бастап қара күзге дейін жалғасын маусымдық проблемаға шағымданушылар саны көп. Оның кең таралуының себептері қандай?

– Бұл ауаның, күннің, сондай-ақ шаң-тозаң, өсімдіктер, тағамдар, дәрі-дәрмектің денеге кері әсерінен пайда болады. Әсіресе, көктем-жаз мезгілдерінде өсімдіктердің гүлдеуінен, шаң-тозаңнан пайда болатындары жиі ұшырасады. Маусымдық аллергия кезінде көз қызарады, қышиды, кейде тіпті қаналайды, мұрын бітеледі, түшкіреді, тамақ қышиды. Көпшілігі бұл белгілерді ағасында паразит болуы мүмкін деп түсінді, емді кешіктіріп алып жатады. Ауыр түрлеріне демікпе жатқызылмай.

Аллергияның көбеюіне экологияның нашарлауы тікелей әсер етіп отыр. Сәбилер перзентханадан шықпай жатып аллергия болып жатыр. Оның – тұқым қуалайтын ауру екенін де айта кетуіміз керек. Мәселен, нәрестенің ата-әжесінде, ата-анасында жоқ, бірақ балада гендік маркерлері пайда болады, яғни аллергия осы баладан әрі қарай тұқым қуалай бастайды. Қарапайым тілмен түсіндірсек, бұл генетикалық өзгерістердің кесірінен иммунитет жұмысының бузылуы. Кейбір иммундық жасушалардың жетіспеушілігінен иммундық жүйеде агрессия пайда болады. Осылайша, аллергия иммундық жүйенің агрессиялы түрде жұмыс істеуі деп тұжырым жасауымызға болады.

– Жалпы, бұл ауруды ұзақ уақыт емдейді және оған қомақты қаражат керек дегенді жиі естиміз. Шынында да солай ма?

– Маусымдық аллергияны бұрын қыс кезінде емдейтін болса, қазір жаңа инновациялық дәрілердің арқасында жыл мезгіліне қарамай емделуші келген сәттен емдеуді бастай береміз. Толық емдеу үшін 3-5 жыл аралығында уақыт керек. Қазір елімізде, облыста Еуропа мен Қазақстан препараттары қолданамыз. Олардың бағасы да әртүрлі. Жыл бойы емделгісі келетіндерге бөлек нұсқаулық бойынша ем-шара тағайындауға болады. Әр науқастың жағдайын жіті бақылау қажет. Кейінгі уақытта емделушілер саны артып отыр. Оның ішінде Қызылорда облысында. Оған себеп адамдардың мұның тек медициналық жолмен емделетінін түсінгенін деп ойлаймын.

– Қазір көп адам маусымдық аллергияны суық тиюмен шатастырып, дұрыс емделмей созып алатын сияқты...

– Иә, маусымдық аллергияның белгілері суық тию белгілеріне ұқсайды. Науқастың мұрынын су ағу, түшкіру, жөтел секілді жағымсыз белгілер 7-10 күн сақталса, аллергиялогқа бару керек. Суық тиюмен ерекшелігі – түшкірмес бұрын мұрынын қышуы, мұрынын мөлір шырыштың көп бөлінуі. Мұндай белгілер ЖРВИ-дың (жедел респираторлық вирустық инфекция) алғашқы күндерінде де болады. Бірақ респираторлық инфекция кезінде бірнеше күннен кейін мұрынын аққан шырышты сұйықтық қоюланып, жасыл немесе сары түсті болады. Ал аллергия кезінде мұндай болмайды, сұйықтық мөлір күйінде қала береді. Сондай-ақ ЖРВИ кезінде адам өзін әлсіз сезінеді, денесі ауырады, сүйегі қасқайды, дене қызуы

көтерілуі мүмкін. Аллергия кезінде адамның жалпы жағдайы нашарламайды. Негізі, тәжірибелі терапевт қан талдамасы арқылы адамда оның бар-жоқ екенін біледі. – Аллергия өз бетінше әртүрлі ем қолданады. Тіпті бір-бірінен естіп «Дипроспан» салып жатады. Бұл қаншалықты дұрыс? – Біреу айтты екен деп «Дипроспан» салдыруға болмайды. Дәріханаларда рецептіз берілетіндіктен ол қолжетімді, кез келген адам өзіне салдыра алады. Алайда оның салдары иммунитетті төмендетіп, онкологиялық ауруларға алып келуі және асқынуды тудыруы мүмкін. Сондай-ақ жүрек ауруларына, онкологиялық аурулар мен түрлі асқынударға алып келеді.

Иә, «Дипроспан» қатты аллергия мен демікпеде көмектеседі. Бірақ зияны өте көп. Қант диабетін қоздырады, қан қысымын көтереді, ағзанды калций, кальций секілді минералдарды шығарып тастайды. Егер адамның жүрек қағысы дұрыс болмаса, оған қоса «Дипроспан» қабылдаса, соны өкінішті жағдайға ұласуы мүмкін. Ал оны «Дипроспан» болды деп ешкім ойламайды. Қатерлі салдары көп болғандықтан, қолдануға кенес бермеймін. Оның орнына ағзандан 2-3 күнде шығып кететін басқа дәрілерді қолдану керек. Көзге, мұрынға тамызатын гормонды дәрілер қанға сіңбейді, сондықтан ағзаның жұмысына да кері әсер етпейді.

Аллергияны өз бетінше дәріханадан сатып алған дәрімен емдей алмайсыз. Дәріханаларда көбінесе өтпей жатқан дәрілерді ұсынады. Мәселен, біз өз тәжірибемізде «Супрастин» мен «Тавегилдин» тек жедел түрде көмектесетін ампулалық түрлерін ғана қолданамыз. Бұлардың бәрі бірінші буындағы дәрілер, ал біз аллергияны емдеу үшін адам ағзасына зиян келтіретін екінші буындағы дәрілерді қолданамыз.

– Аллергиядан түбегейлі айығуға бола ма?

– 3-5 жыл аралығында емделіп шығуға болатынын жоғарыда айттық еттім. Алайда адам қатты стресске ұшыраса, тұмаулатып ауырса, қайтадан шығуы мүмкін. Біз науқастарды жеңіл түрде ауыстыруға қолдан келгенше көмектесеміз. Алайда қулан-таза айтып кету үшін Астана мен Алматы сияқты қалалардағы ірі орталықтарға барып ем алу керек. Мұндағы ең басты мәселе – уақытында мамандарға келіп кенес алу.

– Түсінігін, кез келген адам аллергия болуы мүмкін. Десе де, алдын алуға бола ма?

– Кейінгі жылдары маусымдық түрлі балалар арасында да кен тарап бастады. Оған біздің ауа райы да әсер етеді. Қазақстанның ауа райы құрғақ, дала шөптері көп, жиі жел тұрады. Әсіресе, біздің Қызылорда өңірінде. Шаң-тозаң желмен әжептәуір жерге таралады. Сондықтан балаларды жастайынан спортқа баулып, дұрыс тамақтандырып, тазалыққа үйрету керек. Ал иммунитеттің дұрыс жұмыс істеуіне жақсы әсер етеді. Спортпен шұғылданып отырғандар арасында аллергиялық жақ деп айта алмаймын. Олардың арасында да бар. Өйткені спортшыларда стресс, уайым көп. Сондықтан балаларды жастайынан стресске төзімділікке үйреткен дұрыс.

Ал маусымдық аллергияның алдын алу үшін дәрігерге уақытылы бару керек. Адам өзінде бұл ауру бар екенін білмесе, терапевтке немесе педиатрға қаралып, диагноз расталса, аллергиялог-иммунологқа жүгінуге керек.

Стресске көп түсетін, жүйкесі тозаған адамдар қышқын, экземаға жиі тап болады. Сондықтан болмаса нәрсені уайымдап, ұсақ-түйекке күйзелгенденген дұрыс!

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан Ақтiлек БiТiМБАЙ, «Сыр бойы»



атақты тұлғалардың, тіпті өзіміз күнделікті көріп жүрген адамдардың бейнелерін, табиғат көрінісін айыртпай салғанда, көңілі суретшілердің өздері осындай-ақ болатын шығар. Бұдан кейін оны тек араға жылдар салып, ішімдіктің ізіне түскенін байқап қалып жүрдім. Кейін ол есімнен де шығып кеткен, өткен жылдың қараша айының соңында үйінің тұсынан өтудің орайы келіп қалғанда, көршісі Қабылбек аға оның жалғыз тұратынын, қазіргі тұрғысы туралы аз-кем хабар берген. – Ержанның өте талантты екені, бұған қоса ағаштан түйін түйген ұсталығының бар екені бізге де белгілі, – дейді Қабылбек. – Жасымыз жетпіске жакындады, оны бала күнінен білемін, ата-анасы өте жақсы адамдар-тұғын. Бірге туған бауырларының ішінде дәл мұндайлық қиын бала болмап еді. Сөзім әрі қарай жалғаған Қабылбек ағаның айтуына, отбасындағы ұл-қыздары аралас сегіз ағайын-дыңның ішінде Ержан екінішісі, әкесі ертелеу айтқан. Анасы науқастылау болса да, әуірімдеп балаларын өз қолдарын өз ауыздарына жеткізген. Ең үлкені Ердаулет отбасын құрып, келіншегі екеуі базар ішіндегі азық-түлік сататын кәсібін кеңейтіп, науқас анасының тұрмысын жеңілдету үшін шаңырақтың жауапкершілігін өз қолына алса да, араққа біртүгел жаны Ержанмен тіл табысу мүмкін болмапты. Жай айтқанды да, қатты айтқанды да қаперіне алмағанын, отбасымен ақылдасып бір емес, екі рет мөжібі емдеуге де жіберіп кәріпті. Еш нәтиже шықпай, керісінше Ержан ішүн үдете түскен. Күн сайын үйдің берекесін

алатын, оның үстіне аға сыйлау былай тұрсын, жағасынан алып, қол жұмсауға дейін баратын қарулы інісін жөнге салу мүмкін еместігін түсінген Ердаулет көп ұзамай бөлек шығып, жөнін тапқан. Араға біраз уақыт салып анасын да, іні-қарындасын да өз қолына көшіріп алып, қарашаның аяғына қалың қарашаның інісіне қалдырған. Содан бастап Ержан екінішісі қарашаның інісіне қалып, тірі жанның сөзіне құлақ аспай ішімдіктің ізіне алаңсыз түскен.

– Осындай өмір кешіп жатқанына отыз жылдан асты, қанша дегенмен жылдар өзінің дегенін алады ғой, шатақ мінезі жайына қалды, бірақ сөзге құлақ аспайтын қырылығы сол күйінше, – дейді Қабылбек. – Қазір зейнет жасына да келді. Бір жақсы қылығы, көрші-көлемге, өзгелерге қылдай қиянаты, артық сөзі жоқ. Бергенді алады, мазанды кетіріп ештеңе сұрамайды, тек ашылып сөйлеспейді, өзіне ғана белгілі жаққа барып келіп тұрады. Бір жылдары көршілермен ойласып, бауырларына айтып, ішкі істер, әлеуметтік орган кәділерін араластырып Ержанды қарашығы жоқ немесе қарттар үйіне орналастыруға әрекет жасап көргенбіз. Бірақ нәтиже шықпады, сосын еркесі жібердік.

Қабылбек аға осыны айтып бола бергенде, есігі шалқалай ашылып, босағадан ұстай төлтіркей басып сыртқа шығып келе жатқан Ержанның өзі де көрінді. Адам сияқты еппен қозғалғаны болмаса, бейне бір арауқ дерсін. Үстіне жамылған шоқтығынан, бейберекет өсіп кеткен сақал-мұртынан, адам танымастай өзгеріп кеткен бел-әлпетінен оның кім екенін де ажырату мүмкін еместей. Бұрынғы бой-соыс келіскен, он саусағынан өнері тамған талантты Ержанның тамтығы да қалмапты. Өзін-өзі аямаған, өз басына мейірімді келмеген, не болмаса өзгенің айтқанына қобғеген мұндай жандарға ағамыз қазақ «Құдай аясын» дейді екен.

Құран Керімде аттары аталатын жырима бес пайғамбардың бірі Иса е.с. пайғамбарға Жаратушы Алла елі күнге емі табылғанына алапес ауруын емдейтін, тұа бітті зағиптың көз жанарын қалпына келтіретін, тіпті өлген адамды тірітетін кесеметтер сыйлаған. Сол Иса е.с. «Мен Алланың қалауымен анапесті қатарға қосамын, тұа бітті жанарсызға жарық дүние сыйлаймын, өлген адамға жан енгіземін, бірақ нағанды жөнге салу менің қолымнан келмейді» депті. Артық айтқым келмейді, өйтсе де он саусағынан өнері тамса да, ағам қазақ айтпақшы, «өзі білмейтін, білгеннің тілін алмайтын» жандарды қанша аяғанымен, көмек қолыңды созып келгенімен, табыттан өзге түзей алмайтынның мойындауға мәжбүр болады екенсің.

Әлімжан ҚИЯС. Қазалы ауданы, Өйтеке би кенті

Media contact information including website (www.facebook.com/syrboyi.kz), Twitter (https://twitter.com/syrboyi), Instagram (www.instagram.com/syrboyi_kz), and address details for the media office in Qyzylorda.